

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы



№1 педагогикалық кеңесте бекітілді
«31» тамыз 2023 жыл
Ш. С.Таженова



2023-2024 оқу жылында «Ақ желкен» арнайы түзету
тобында жүргізілетін дефектологтың жылдық жоспары

Дефектолог: Мамбетиярова А.А

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылы «Ақ желкен» ортаңғы түзету тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық жоспары

Максаты:

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға диагнозы бойынша топқа бөлу, жеке сабақ түрін өту және түзете-дамыту сабақтарын тиімді әдіс-тәсілдермен ұйымдастыру, дефектологиялық көмек көрсету, әлеуметтік бейімдеу.

Міндеттері:

1. Психикалық дамуы тежелген, эмоциялық-ерік әрекетінде және мінез-құлқында бұзылыстары бар балаларға, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, түзету жұмыстарын жүргізу.
2. Баланың мәселелерін мамандардың пәнаралық командасының кешенді түрде зерттеуі, сонымен қоса баланың психологиялық, түзете-педагогикалық және әлеуметтік көмекке деген мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін командалық бағалау арқылы анықтау;
3. Баланың дамуының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, жеке дамыту бағдарламасын әзірлеу және құрастыру;
4. Жеке, шағын топ және топтық сабақтар түрінде түзете-дамыту сабақтарын жүргізу;
5. Отбасы жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар және мүгедек балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарына кеңес беру және оқыту;
6. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау барысында мекемелердің педагогтеріне көмек көрсету;
7. Баланың жалпы және ұсақ моторикасын дамыту;
8. Өз білімдерін жетілдіру және өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
9. Республикалық, облыстық, қалалық және мекеме деңгейіндегі семинар, конференция, педагогикалық оқулар мен тамыз маслихаттарының секция жұмыстарына қатысу;

	Орындалатын жұмыс	Орындалатын уақыты	Орындалу түрі
I-бөлім. Ұйымдастыру жұмысы			
1.	«Ақ желкен» арнайы тобының балаларына диагностика жүргізу, бақылау. Жеке даму картасын толтыру	Қыркүйек Қаңтар Мамыр	Диагностика
2.	Топ тәрбиешілеріне диагностика, бақылау нәтижелері бойынша кеңес беру.	Қажеттілігіне қарай	Кеңес
3.	Балаларды қабілетіне қарай топтарға жинақтау.	Қыркүйек	Циклограмма
4.	«Ақ желкен» арнайы тобының балаларымен жүргізілетін жұмыс мазмұнын жоспарлау	Қыркүйек	Жоспар
5.	Топ ата-аналарына сараптама, бақылау нәтижелері бойынша кеңес беру	Жыл бойы	Кеңес
II-бөлім. Құжаттармен жұмыс			
1.	Тексеру нәтижелері бойынша құжаттарды ретке келтіру.	Жыл бойы	Жоспар құру
2.	ПМПК-ның кеңесіне әр балаға анықтама беру, жұмыс бағытын белгілеу.	Жыл бойы	Мінездеме
3.	Дефектологтың түзете-дамыту жұмысының кестесін құрастыру және бекіту.	Қыркүйек	Жоспар
4.	Дефектологтың түзете-дамыту жұмысының күнтізбелік - тақырыптық жұмыс жоспарын құрастыру.	Қыркүйек	Жоспар
5.	Тәрбиеленушілердің дефектологтың түзете-дамыту жұмыстарына қатысуын есепке алу журналын ретке келтіру және толтыру.	Жыл бойы	Тіркеу журналы
6.	Тәрбиеленушілерді бақылау арқылы ерекшелігімен қабылдауына қарай қолдану әдіс-тәсілдерін іздену	Жыл бойы	Әдістемеліктер, технологиялар
7.	Атқарылатын жұмыстар бойынша жылдық есеп құрастыру.	30 мамырға дейін	Есеп беру
III-бөлім. Түзете-дамыту жұмысы			
1.	Жеке түзете-дамыту бағдарламасын	Қыркүйек	ЖДБ(жеке даму

	құрастыру		бағдарламасы)
2.	Түзете-дамыту жұмыстарын жұмыс уақытына сай іске асыру.	Жыл бойы	Жоспар бойынша
3.	Ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылығын арттыру мақсатында тілдік ойындар, көрнекіліктер, тарататын материалдарды жұмыс барысында қолдану	Жыл бойы	Дидактикалық материалдар
4.	Тәрбиеленушілерді бақылау арқылы жеке қабілеттерін анықтау, жеке түзете-дамыту қызметінде ерекшелігімен қабылдауына қарай әдіс-тәсілдерді қолдану	Жыл бойы	Әдістемеліктер, технологиялар

IV-бөлім. Басқа мамандармен өзара байланыс

1.	Диагностика нәтижелерімен тәрбиешілерді, логопед, психологтарды таныстыру.	Қыркүйек Қаңтар Мамыр	Кеңес
2.	Балалардың дефектологтың түзете-дамыту қызметтеріне қатысуын әдіскер тарапынан қадағалау.	Жыл бойы	Оқу қызметіне қатысу
3.	«Ақ желкен» арнайы тобының тәрбиешілерінің ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысып, кеңес беру.	Жыл бойы	Кеңес
4.	Педагогтар жиналысына қатысу.	Мекеме жоспары бойынша	Жиналысқа қатысу
5.	ПМПК жұмысына қатысу.	Жыл бойы	Анықтамалық
6.	Педагог – психологтармен әріптестік.	Жыл бойы	Өзара байланыс


V-бөлім. Ата-аналармен жұмыс

1.	Ата – аналарға балалармен үй жағдайында жүргізілетін жұмыстар бойынша ұсыныстар беру.	Жыл бойы	Жеке жұмыс дәптері
2.	Ата – аналарға арнайы сұрақтар бойынша кеңес беру.	Жыл бойы	Өзара байланыс

VI-бөлім. Өз білімін жетілдіру және квалификациясын көтеру.

1.	Жаңа арнайы әдебиеттерді оқу.	Жыл бойы	Әдістемелі оқулықтар
2.	Жаңа нормативтік құжаттармен	Жыл бойы	Ізденіс

	танысу		
3.	Семинар-практикумға, оқыту семинарларына, біліктілікті арттыру курстарына қатысу	Жыл бойы	Сұраныс бойынша
4.	Педагогикалық технологиялармен және жаңа бағдарламалармен танысу	Жыл бойы	Ізденіс
VII-бөлім. Кабинетті жабдықтау			
1.	Құрал-жабдықтарды тізім бойынша реттеу	Жыл бойы	Кабинет паспорты
2.	Жеке жұмыс жасауға құралдар дайындау	Жыл бойы	Дидактикалық материалдар
3.	Қолданылатын құралдарды нормаға сай реттеу	Жыл бойы	Папка
4.	Лексикалық тақырыпқа қолданылатын материалдар жинақтау	Жыл бойы	Дидактикалық материалдар

«Келісемін» 
 №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-
 балабақшасының
 әдіскері: Н.С.Шаганова
 « 31 » 08 2023 жыл


«Бекітемін» 
 №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-
 балабақшасының
 меңгерушісі: Ш.С.Таженова
 « 31 » 08 2023 жыл

**№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасының «Ақ желкен» арнайы
 тобына арналған дефектологтың жұмыс кестесі**

№	Апта күндері	Жұмыс уақыты	Сабақтар	Уақыты
1	Дүйсенбі	13.00-18.00	-Балалардың қатысым журналын белгілеу;	13.00-13.30
			-Құжаттармен жұмыс;	13.30-15.00
			-Түзете-дамыту оқу қызметіне арналған көрнекіліктер дайындау;	15.00-15.30
			-«Ақ желкен» арнайы тобында жеке түзету жұмысы (Рамазан)	15.30-15.50
			-«Ақ желкен» арнайы тобында топтық түзете-дамытушылық оқу қызметі;	16.00-16.20
			-Балалармен жүргізілген түзете-дамыту жұмысын хаттамалау;	16.30-18.00
2	Сейсенбі	08.00-13.00	-Балалардың қатысым журналын белгілеу;	08.00-08.30
			-Көрнекілік құралдарын әзірлеу;	08.30-09.20
			-«Ақ желкен» арнайы тобында топтық түзете-дамытушылық оқу қызметі	09.20-09.40
			-«Ақ желкен» арнайы тобында жеке түзету жұмысы (Парасат, Әділет)	09.50-10.10
			-Балалармен жүргізілген түзете-дамыту жұмысын хаттамалау;	10.20-10.40
			-Тәрбиешілерге тапсырма беру;	10.40-12.00
				12.00-13.00
3	Сәрсенбі	13.00-18.00	- Балалардың қатысым журналын белгілеу;	13.00-13.30
			-Көрнекілік құралдарын әзірлеу;	13.30-14.30
			-Өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу;	14.30-15.30
			-«Ақ желкен» арнайы тобында топтық түзете-дамытушылық оқу қызметі;	15.30-15.50
			-«Ақ желкен» арнайы тобында жеке түзету жұмысы (Айару, Нұрхан)	16.00-16.20
			-Ата-аналармен жұмыс;	16.30-16.50
				17.00-18.00
4	Бейсенбі	08.00-13.00	-Балалардың қатысым журналын белгілеу;	08.00-08.30
			-Тәрбиеленушілерді диагностикалау;	08.30-09.20

			-«Ақ желкен» арнайы тобында жеке түзету жұмысы (Аңсар)	09.20-09.40
			-«Ақ желкен» арнайы тобында жеке түзету жұмысы (Арман)	09.50-10.10
			-Құжаттармен жұмыс;	10.20-12.00
			-Тәрбиешілерге тапсырма беру;	12.00-13.00
5	Жұма	13.00-18.00	-Балалардың қатысым журналын белгілеу;	13.00-13.30
			-Құжаттармен жұмыс;	13.30-15.30
			-«Ақ желкен» арнайы тобында топтық түзете-дамытушылық оқу қызметі;	15.40-16.00
			-«Ақ желкен» арнайы тобында жеке түзету жұмысы (Асинат)	16.10-16.30
			-Балалармен жүргізілген түзете-дамыту жұмысын хаттамалау;	16.40-17.30
			-Тәрбиешілерге тапсырма беру;	17.30-18.00

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы



2023-2024 оқу жылында жүргізілетін дефектологтың
«Ақ желкен» арнайы түзету тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары

Дефектолог: Мамбетиярова А.А

2023-2024 оқу жылы

**«Ақ желкен» арнайы тобының «Таным» білім беру саласы «Сенсорика» бөлімі бойынша оқу қызметіне арналған
перспективалық жоспары
2023-2024 жыл**

I-ші жарты жылдық міндеттері	Айы	Тақырыптар	Мазмұны	Ойындар
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту:суретте бейнеленген әрекеттерді өз әрекеттерімен сәйкестендіру, суреттегі әрекеттерді бейнелеу; ересектің әрекетіне еліктеу бойынша 3 элементтен құрастыру процесінде пішіндерді (шар, текше, үшбұрышты призма) ажырату; ойын барысында практикалық байқап көру тәсілдерін пайдалана отырып, көлемді пішіндерді (текше, шар, кірпіш, үшбұрышты призма) жіктеу; көлемдерді қабылдау: кіші, үлкен, өте үлкен; қызыл, сары, көк, жасыл түстерді салыстыру, түстерді үлгі бойынша ерекшелеу; 2) үшқұрамды пирамиданы көлемін ескере отырып,	Қыркүйек	«Балабақша-біздің екінші үйіміз»	Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру.Балабақшаның балаларды көп нәрсеге үйрететін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Иесін тап» Дамытушы ойын: «Құрастырайық» Ермексазбен ойын
		«Менің ойыншықтарым»	Балаларды ойыншықтармен таныстыру арқылы танымдық даму деңгейін көтеру; ұсақ қол моторикасын дамыту; пирамиданы дұрыс құрастыруды үйрету; ойыншықтарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай ажыратуға дағдыландыру.	Дидактикалық ойын: “Ерекше допты тап» Дамытушы ойын: «Не жоқ?» Дидактикалық ойын: «Бірге табайық » Жабыстыру: «3 құрамды пирамида»
	Қазан	«Күзгі табиғат»	Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту.Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы және күз мезгілінің астық, жеміс - жидек, көкөністерді жинау мезгілі екенін күздегі ауылшаруашылық еңбек түрлері жөнінен білім беру.	Дидактикалық ойын: «Көкөністер мен жемістерді жина» Тыныс жаттығуы: «Күзгі жапырақтар» Ұсақ моторикасын дамыту жаттығуы: «Оралмалы жапырақтар»
		«Көкөністер»	Баланың көкөніс туралы білімін кеңейту. Көкөністерді сипаттай білуге үйрету.Жемістерден көкөністерді ажырата білуге,заттарды салыстыра білуге,геометриялық пішіндерге	Дидактикалық ойыны: «Танып біл және ата» Дамытушы ойын: «Көңілді көкөністер» Сурет салу

тәжірибелік өлшеп көру тәсілі арқылы құрастыру; 3 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру; 3) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: дыбысталудың белгілі бір әрекетпен өзгеруіне әсерін білдіре отырып, музыкалық үш аспаптың (дағыра, металлофон, сыбызғы) дыбысталуын жіктеу; 2-3 музыкалық аспаптың дыбысталу дәйектілігін анықтау; қандай да бір аспаптың қатты және ақырын дыбысталуын ажырату; 4) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: ересектің сөздік тапсырмасы бойынша ойыншықтарды сипай отырып тандау (үш ойыншықтың ішінен); геометриялық фигураларды (шар, текше, үшбұрышты призма) және заттардың көлемін (үлкен, кіші, өте үлкен) сипай отырып			ұқсас заттарды таба білуге дағдыландыру, сурет салу әдістерін дамыту.	
		«Жемістер»	Балалардың жемістер туралы білімдерін арттыру. Жемістерді пішіне және негізгі түстеріне қарай ажырату, топтастыру. Қышқыл жемістер арқылы дәм сезуді дамыту (лимон, қараөрік).	Дидактикалық ойын: «Ғажайып сөмке» Дамытушы ойын: «Ретімен қой» Дидактикалық ойын: «Дәміне қарай ажырат». Түрлі-түсті қағаздан жемістер жасау
		«Менің отбасым»	Отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін атап айтуға үйрету. Отбасы мүшелері арқылы көлемді қабылдауды дамыту (кіші, үлкен, өте үлкен). Сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Менің жанұям» Дамытушы ойын: «Күн мен түн» Апликация жұмысы «Біздің үй»
	Қараша	«Сезім мүшелері»	Балаларға сезім мүшелерін (көз, құлақ, тіл, мұрын) атап таныстыру; сезім мүшелерін тіл арқылы тәтті-ащыны ажырату, құлақ арқылы дыбысталуды ажырата алуға үйрету;	Бейнеролик Дидактикалық ойын: «Дәміне қарай ажырат» Дамытушы ойын: «Дауысынан таны» Сәйкестендір
		«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру. Бағдаршам арқылы негізгі түстерді (қызыл, жасыл, сары) ажырата алуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қауіпті және қауіпсіз заттар» Дидактикалық ойын: «Бағдаршам қандай?» Боямақ
		«Үй жануарлары мен төлдері»	Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыру. Үй жануарларының дауыстарын	Дидактикалық ойын: «Анасын тап» Дамытушы ойын:

кабылдау; заттарды белгілері бойынша ерекшелей отырып, сипап көру; қатты және жұмсақ нысандарды және 2 көлеміндегі заттарды кабылдау және жіктеу; 5) дәм сезуді дамыту: тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктеу; әртүрлі дәмдік сезімдер "тәтті-ащы", "тәтті-қышқыл" туралы түсінікті қалыптастыру; қышқыл дәмі бар тағам өнімдерімен (лимон, қараөрік) таныстыру; тамақты дәмі "тәтті-ащы", "тәтті-қышқыл" бойынша анықтау.	Желтоқсан		ажырату арқылы есту қабілетін дамыту.	«Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Апликация
		«Үй жиһаздары»	Балаларды үй жиһаздарымен таныстыра отырып атауын үйрету. Үй жиһаздарын қатты және жұмсақтылығы бойынша салыстыру. Ұсақ моторикасын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Жиһазды құрастыр» Дамытушы ойын: «Не жоғалды?» Дидактикалық ойын: «Не артық?» Құрастыру
		Қайталау	Өткен тақырыптарды қайталау	Дидактикалық ойын: «Ғажайып сөмке» Дамытушы ойын: «Не жоғалды?» Дидактикалық ойын: «Танып біл және ата»
	Желтоқсан	«Ыдыстар»	Балаларды ыдыс түрлерімен таныстыру, ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту. Сипап сезу арқылы көлемі (үлкен, кіші) бойынша салыстыруға үйрету. 2 көлемдегі ыдыстарды қабылдауға және жіктеуге дағдыландыру.	Саусақ ойыны: «Күріш ботқасын пісіреміз» Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба» Дамытушы ойын: «Үлкен-кіші» «Сиқырлы қаламдар»
		«Отаным менің Қазақстан»	Тәуелсіз Қазақстан туралы білімдерін кеңейту. Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру; Қазақстан рәміздерін құрметтеуге үйрету; тудың пішінін, түсін ажырату; тудың суретін қарай отырып, бейнеленген суретті сипаттау.	Дидактикалық ойын: «Өз туынды тап» Дамытушы ойын: «Құрастырайық» Апликация жұмысы «Рәміздер»
		«Алақай, қыс келді!»	Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қағазды қолдана отырып, аққала жасау. Аққала жасау арқылы	Дидактикалық ойын: «Қолғаптың сыңарын тап» Қимылды ойын: «Қар жинау»

			пішіндерді ажыратып, ұсақ қол моторикасын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Аққаланы құрастырайық»
		«Қош келдің, Жаңа жыл!»	Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту. 3 бөліктен тұратын кесінді суреттерден Жаңа жыл белгілерін құрастыру (шырша, аяз ата, қар, тәтті кәмпиттер, сыйлықтар). Қиялдау, елестету дағдыларын дамыту.	Суретті әңгімелеу Дидактикалық ойын: «Суретті аяқта» Дамытушы ойын: «Кәмпит» Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендір»

II-ші жарты жылдық міндеттері	Айы	Тақырыптар	Мазмұны	Әдіс-тәсілдер
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: ересектің әрекетіне еліктеу бойынша 4 элементтен құрастыру процесінде пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) ажырату; үлгі бойынша пішіні ерекшеленетін пішінді (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) тандау; бір пішінді басқасына қою тәсілін пайдалана отырып, жазық пішіндерді сәйкестендіру; заттарды берілген бір белгі (пішін, көлем немесе түс) бойынша топтастыру;	Қаңтар	«Орманға саяхат»	Орман жануарлары туралы түсініктерін байыту. Оларды бір-бірінен ажырата білуге және дұрыс атауға үйрету. Жабайы жануарлардың кейбір ерекшеліктерін салыстыру және мекені, қоректену туралы түсінік беру. Орман жануарларының дыбыстауларын естіп қабылдау арқылы ажыратуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Андардың балаларын тап» Дамытушы ойын: «Не артық?» «Дауысынан таны» Дидактикалық ойын: «Қызықты текше» Үлестірмелі материалмен жұмыс
		«Азық-түліктер»	Балаларға азық-түлік туралы түсінік беру. Азық-түлік түрлерін қолдарына ұстап, сипай отырып қандай пішінге ұқсайтынын ажырату. Тамақтарды температуралық белгісі бойынша салыстыру.	Дидактикалық ойын: «Ыстық, суық» Дамытушы ойын: «Сиқырлы дорба» Дидактикалық ойын: «Дүкен» Ас әзірлеу
		«Үй құстары»	Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту және пайдасы туралы айту.	Дидактикалық ойын: «Үй құстарын тауып ата» Дамытушы ойын: «Ажыратайық»

көлемдерді қабылдауға үйрету: кіші, үлкен, өте үлкен; заттың қолданысынан тыс, пішінді белгі ретінде ерекшеліу ("Қорапқа барлық дөңгелектерді жинаймыз"); заттың қолданысынан тыс, түсті белгі ретінде ерекшеліу ("Жасыл мәшинеге жасыл текшені сал"); практикалық өлшеу тәсілін пайдалана отырып, көлемін ескеріп 3-4 сақиналы пирамидканы, матрешканы жинастыру; 4 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру; заттар арасындағы кеңістіктік қатынастармен (жоғарыда, төменде) практикалық таныстыру; 2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: дыбысқа еліктеуді 2-3 ұсынылғанның ішінен таңдап жіктеу; дыбысталуы жағынан жақын дыбысқа	Ақпан		Суреттер, ұнтаспа, дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Қай құс жоқ?» Жабыстыру
		«Әйгерім қуыршақ»	Балаларды өлшемі бірдей моншақтарды тізбектеп жіпке өткізуді үйрету. Түстер мен пішіндер ажырата білу. Саусақ ұштарының моторикасын дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Моншақ жасайық» Дамытушы ойын: «Дұрыс көрсет» Дидактикалық ойын: «Қонақ күту»
		«Көліктермен танысайық»	Көлік түрлерімен танысу. Көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып (жерде, суда, әуеде), атқаратын қызметін білуге үйрету. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көліктер арасындағы кеңістіктік қатынастармен (жоғарыда, төменде) танысу.	Дидактикалық ойын: «Өз гаражын тап» Дамытушы ойын: «Дөңгелегін сәйкестендірейік» Дидактикалық ойын: «Қай көлік қайда жүреді?» «Артығын тап»
		«Бауырсақ» ертегісі	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлерімен таныса отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортаны тану арқылы сенсорлық қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Пішіндер, түстер туралы ұғымдарын бекіту.	Дидактикалық ойын: «Суретті құрастырайық» Дамытушы ойын: «Рет-ретімен орналастыр» Апликациямен жұмыс
		«Киімдер дүкені»	Балаларды ұл мен қыздың киімін ажыратуға үйрету. Заттарды негізгі қызыл, сары, жасыл, көк төрт түске топтастыра білу дағдыларын	Дидактикалық ойын: «Киімнің түсін ажырат» Дамытушы ойын: «Кімдікі?»

еліктеулерді жіктеу; суреттерді пайдалана отырып, буындық құрылымы әртүрлі сөздерді жіктеу; қандай да бір аспаптың қатты және ақырын дыбысталуын ажырату; 3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: ересектің сөздік тапсырмасы бойынша ойыншықтарды сипай отырып таңдау (үш ойыншықтың ішінен); заттардың пішіні мен көлемін сипай отырып қабылдау; ересектің сөздік тапсырмасы бойынша заттарды сипай отырып, көлемі бойынша таңдау; заттарды зерделеу, оларға тән белгілерді ерекшелеу; 2 саны көлеміндегі қатты және жұмсақ заттар мен нысандарды қабылдау және жіктеу; материалдың сыртқы беттерінің әртүрлі сапаларымен (темір - суық, ағаш - жылы)			ойын арқылы жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Киімдерді берілген бір белгі (пішін, көлем немесе түс)бойынша ажырату.	Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Боямақ
		«Аялайық гүлдерді»	Фланелеграфта түрлі түсті геометриялық пішіндерді – шеңбер мен үшбұрышты орналастыруды үйрету; балалар назарын белгілі бір түстегі фигураны әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару.	Дидактикалық ойын: «Бақтағы гүлдер» Дамытушы ойын: «Бөлме гүлдері» Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір»
	Наурыз	«Жыл мезгілдері»	Балаларға жыл мезгілдері туралы, мезгілге тәне өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы білімдерін кеңейте отырып, дүниетанымын, ой-өрісін дамыту. Жыл мезгілінің ерекшеліктерімен танысу.	Дидактикалық ойын: «Ерекшелігін тап» Дамытушы ойын: «Жапырақтарын сәйкестендір» Дидактикалық ойын: «Жеңіл, қалың киімдер»
		«Аналар мерекесі»	Ана мейірімділігінің маңыздылығын түсіндіру. Ой өрісін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды аналарды сыйлауға, құрметтей білуге, кішіпейілдікке, өз ойларын еркін жеткізе білуге тірбиелеу. 4 элементтен құрастыру процесінде пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) ажырату арқылы сыйлық жасауға үйрету;	Дидактикалық ойын: «Моншақ жасау» Дамытушы ойын: «Сәйкестендір» Дидактикалық ойын: «Пішіндер
		«Наурыз жыл басы»	Балалардың жыл мезгілдері туралы түсінігін, Наурыз мерекесі	Дидактикалық ойын: «Суретті аяқта» Дамытушы ойын: «Кім зейінді»

таныстыру; 4) дәм сезуді дамыту: тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктеу; тамақты әр түрлі дәмдік белгілер ("тәтті-ащы", "тәтті-қышқыл") бойынша жіктеу; тамақты дәмдік белгісі ("тәтті-тұзды") бойынша жіктеу; қышқыл, тәтті, тұзды дәмі бар тағам өнімдерімен таныстыру; тамақты дәмі "тәтті-ащы-қышқыл-тұзды" бойынша анықтау; ұсынылған тамақтардың ішінен тәтті-ащы-қышқыл-тұзды тағамдарды тандау.			туралы білімдерін кеңейту. Халықтық сал-дәстүрді құрметтеуге баулу. Қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру; Ұлттық аспаптардың қатты және ақырын дыбысталуын ажырату;	Дидактикалық ойын: «Аспаптар»
		«Табиғат аясында»	Шеңберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету. Ауызекі сөйлесу тілдерін дамыту, ұсақ қол моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Құрастыр» Дамытушы ойын: «Кім дарынды» Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»
	Сәуір	«Мамандықтар»	Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. Кәсіпті тандап, игеру үшін оқып, білім алу қажеттілігін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Құралын тап» Дамытушы ойын: «Көлеңкесін тап»
		«Мамандық иелерінің құралдары»	Дәрігер, тәрбиеші, мұғалім, құрылысшы, аспаз, шаштараз т.б. мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Мамандықтар туралы түсінік бере отырып, білімге, білуге құлшыныстарын ояту. Мамандық иелерінің құралдарымен таныстыру.	Дидактикалық ойын: «Құралын тап» Дамытушы ойын: «Көлеңкесін тап»
		«Балықтар»	Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысына жаттықтыру, сумен ойын ойнату	Дидактикалық ойын: «Аквариум» Дамытушы ойын: «Пішіндер» Дидактикалық ойын: «Жұбы тап»

			арқылы жағымды сезімді жеткізу, балаларды судың қасиетімен таныстыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	
		«Тазалық-таза баланың досы»	Тазалық туралы түсінік беру, балаларды сөйлеуге, дыбыстарды естуге үйрете отырып сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту. Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттардың пішіні мен көлемін сипай отырып қабылдауға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Пішінін ажырат» Дамытушы ойын: «Жұмсақ-қатты» Дидактикалық ойын: «Жұбы тап»
	Мамыр	«Ойындар»	Балаларға оқу іс-әрекеті бойынша өткен тақырыптарды еске түсіріп, білімдерін ойын арқылы жетілдіру; заттардың көлеміне, пішініне, түсіне қарай топтап ажырата білуге үйрету;	Дидактикалық ойын: «Таяқшалар» Дамытушы ойын: «Кім зейінді» Дидактикалық ойын: «Үлкен-кіші»
		«Жайдарлы, Жаз»	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Затты зерттеуге алгоритм жасауға үйрету. 4 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру;	Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр» Дамытушы ойын: «Сәйкестендір» Дидактикалық ойын: «Алгоритм»
		«Мен жасай аламын»	Түстер, пішіндер бойынша білімдерін бекіту; заттың қолданысынан тыс, пішінді белгі ретінде ерекшелее ("Қорапқа барлық дөңгелектерді жинаймыз"); заттың қолданысынан тыс, түсті белгі ретінде ерекшелее ("Жасыл	Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір» Дамытушы ойын: «Жұбын тап» Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр»

			мәшинеге жасыл текшені сал");	
		«Сиқырлы сандықша»	Өткен тақырыптар бойынша қорытындылау.	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Дамытушы ойын: «Кім зейінді» Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»

**«Ақ желкен» арнайы тобының «Таным» білім беру саласы «Қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру» бөлімі
бойынша оқу қызметіне арналған перспективалық жоспары
2023-2024 жыл**

I-ші жарты жылдық міндеттері	Айы	Апта	Тақырыптар	Мазмұны
1) сандық түсініктер және санау:дискретті және үздіксіз көптіктермен заттық-практикалық әрекеттерде "көп", "аз", "бос", "толық", 1, 2 саны туралы түсінікті бекіту; элементтерінің сандары 2 көлеміндегі көптікті әрекеттің санымен салыстыру: үстел үстінде неше матрешка болса, алақанды сонша рет шапалақта; 2) үздіксіз көптіктерді саны бойынша салыстыру: "көп"-"аз", "артық"-"кем";үстіне салу және қабаттастырып қою тәсілдерін пайдалана отырып, қандай заттардың артық, кем екенін анықтап, сандары бойынша тең емес екі топты салыстыру; 3) екі көлеміндегі көптіктерді біріктіру және ажырату операцияларын орындау;заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды, дыбыстар мен қимылдарды саны бойынша салыстыру: көп, 1, 2; 4) екі көлеміндегі заттарды	Қыркүйек	III	1 саны және цифры. «Көп», «аз»	Балалардың заттарды «біреу», «көп», «аз» түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру; осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; айналасындағы бірде-бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту, шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу. 1 цифрын таныстыру, үлгіні пайдала отырып 1 цифрын салуды үйрету.
		IV	2 саны және цифры. «Бос», «толық»	2 саны және цифрымен таныстыру. 2 цифрын жазып үйрету. Заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «бос», «толық» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бос ыдысты тауып көрсете алуға дағдыландыру;
Қазан		I	2 көлемді заттарды салыстыру.	Балаларды заттарды санау арқылы салыстыруға үйрету; бір және екі бірдей заттарды табу білімін дамыту; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу;
		II	«Көп»-«аз», «Артық»-«кем»	«Артық», «кем», «тең» ұғымдарымен таныстыру; заттар, суреттер жиыны бойынша салыстыруға үйрету; зейіндерін, салыстыра алу дағдыларын дамыту; балаларды заттардың қасиеттерін тауып, заттарды бір-бірінің үстіне беттестіру арқылы салыстыру, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету.
		III	2 көлемді заттарды біріктіру және ажырату.	2 көлемді көптіктерді біріктіре алуға және ажырата алуға үйрету; заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды саны бойынша салыстыруды үйрету; ойлау және сөйлеу қабілетін арттыру, эстетикалық тәрбие беру.

санау, заттардың санын саусақтар санымен сәйкестендіру; 5) үздіксіз көптікті саны бойынша салыстыру (үлкен шелекте құм көп, кіші шелекте құм аз); еліктеу бойынша дискретті және үздіксіз көптіктерді түрлендіру (арттыру, кеміту); 6) көлем:заттарды бір-біріне қабаттастыра қою тәсілін пайдалана отырып, биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстыру;салыстырылатын екі заттың қайсысының биік (аласа) екенін тану және көрсету; үш заттың арасындағы көлемдік арақатынасты (үлкен-кіші-ең кіші) табу; 7) геометриялық финуралар:геометриялық фигураларды: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажырату;геометриялық фигураларды пішіні, түсі бойынша біріктіру;көлемді геометриялық фигураларды ажырату; 8)кеңістікте бағдарлау: берілген бағыт бойынша: алға, артқа, солға, оңға қозғалу; өз дене мүшелерінде бағдарлау: жоғарыда - бас, мойын, кеуде, төменде - аяқ,	Қараша	IV	2 көлемдегі заттарды сәйкестендіру.	Балаларды 2 көлеміндегі заттарды санай алуға үйрету және заттардың санын саусақтар санымен сәйкестендіре алуды қалыптастыру.
		I	Заттарды санау арқылы салыстыру	Балаларды санау бойынша салыстыруға үйрету; заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру ,бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Санаудың дұрыс тәсілдерін пайдалана отырып ,заттарды санау (2 зат көлеміне)
		II	«Биік»-«аласа» салыстыру	Балаларды заттарды бір-біріне қабаттастыра қою тәсілін пайдалана отырып, биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстыруға үйрету; Салыстыру арқылы қайсысы биік, қайсысы аласа екенін атап, көрсетуге үйрету;
		III	«Үлкен», «кіші», «ең кіші»	Көлемі бойынша(үлкен – кіші) заттарды салыстыру; таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен –кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; үш заттың арасындағы көлемдік арақатынасты табуды қалыптастыру;
		IV	Геометриялық пішіндер	Балаларға өздеріне таныс дөңгелек, шаршы және үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір бірінен ажырата білуге үйрету. Айырмашылығын және ұқсастығын ажырата білуге үйрету.
	Желтоқсан	V	Қайталау	Өткен тақырыптарды қайталау
		I	Кеңістікте бағдарлау	Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру; заттардың орналасқан орнын алдында, артында, сол жақта, оң жақта ұғымдары арқылы айта білуге үйрету; танымдылық қызығушылыққа үйрету;
		II	Өз дене мүшелерінде	Балаларға өзінің дене бөліктерінің орналасу

алдында - бет, іш, артында - арқа, сол, оң қол; 9) мезгілдік бағдарлау:жыл мезгілдері: күз, қыс;тәулік бөліктері: түн, күн.			бағдарлау	бағдарын білуге үйрету (алдында – артында). жоғарыда - бас, мойын, кеуде, төменде - аяқ, алдында - бет, іш, артында - арқа, сол, оң қолын ажырата алу дағдысы қалыптастыру;
		III	Мезгілдік бағдарлау	Балалардың жыл мезгілдерінің ай, апта күндерін туралы түсінігін қалыптастыру; мезгілді бағдарлай отырып, жыл, ай, апта күндерін ажырата білуге үйрету;
		IV	Тәулік бөліктері	Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйретуді жалғастыру, тәулік бөліктерін – таң, күн, кеш, түнді атау және ажырату біліктерін бекіту; бұл терминдерді сөйлеу тілінде белсендіру; тәулік бөліктерін реттілігі туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; уақыт бойынша бағдарлана білуге үйрету;

II-ші жарты жылдық міндеттері	Айы	Апта	Тақырыптар	Мазмұны
1) сандық ұғымдар: тендік немесе теңсіздікті ажырату арқылы: "тең-тең емес", "соншама-соншама емес" дискретті көптіктерді саны бойынша салыстыру; үш көлеміндегі көптік элементтерін, есту арқылы дыбыстарды, сипау арқылы заттарды, қимылдарды санау; заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды, дыбыстар мен қимылдарды саны бойынша салыстыру: көп, 1, 2, 3; 3 саны көлеміндегі заттарды санау, қорытынды санды атай отырып,	Қаңтар	I	Заттар тобын теңестіру	Заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету; заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету; әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету;
		II	Есту арқылы дыбыстарды, сипау арқылы заттарды, қимылдарды санау	Балаларды есту арқылы дыбыстарды, сипау арқылы заттарды, қимылдарды санауға үйрету;
		III	Дыбыстарды, қимылдарды саны бойынша салыстыру	Балаларға заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды, дыбыстар мен қимылдарды саны бойынша салыстыруды үйрету;
		IV	3 саны көлеміндегі заттарды санау	Балаларды көп, 1, 2, 3; 3 саны көлеміндегі заттарды санау, қорытынды санды атай отырып,

таяқшалардың, саусақтардың санымен сәйкестендіру; еліктеу, үлгі және сөздік нұсқау бойынша көптіктен 3 затты ерекшелеу; санауды тексеру тәсілі ретінде пайдалана отырып, 3 затты немесе бейнені санамай-ақ тану; 3 саны көлеміндегі заттар тобын салыстыру: артық немесе кем, артық немесе жетіспейтін элемент; 2) санау: үш көлеміндегі ашық нәтижелі біріктіру және ажырату әрекеттері, нәтижені санау арқылы анықтау; 3 саны көлеміндегі кеңістікте әртүрлі орналасқан, түсі, көлемі әртүрлі заттарды санау; жетіспейтін элементті қосу, артығын алып тастау тәсілімен заттардың екі тобын саны жағынан теңестіру; 3) көлем: заттарды бір-біріне қабаттастыра қою тәсілін пайдалана отырып, биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстыру; салыстырылатын екі заттың қайсысының биік (аласа) екенін тану және көрсету; бірінің үстіне бірін қою тәсілімен заттардың енін (енсіз-жалпақ) салыстыру; салыстырылатын екі заттың қайсысының енсіз (жалпақ) екенін тану және көрсету; үш заттың	Ақпан			таяқшалардың, саусақтардың санымен сәйкестендіре алуға үйрету; еліктеу, үлгі және сөздік нұсқау бойынша көптіктен 3 затты ерекшелеу;
		I	3 саны көлеміндегі заттарды тану	Балаларға 3 саны көлеміндегі заттарды санамай-ақ тануға үйрету; Суреттен 3 бірдей пішінді немесе бейнені тауып, көрсетуге дағдыландыру.
		II	3 саны көлеміндегі заттар тобын салыстыру	Балаларға 3 саны көлеміндегі заттар тобын салыстыруға үйрету: 3 санынан артық немесе кем, артық немесе жетіспейтін элементті тауып, салыстыруға дағдыландыру;
		III	3 саны көлеміндегі заттарды біріктіру және ажырату	Балаларға үш көлеміндегі ашық нәтижелі біріктіру және ажырату әрекеттері, нәтижені санау арқылы анықтауға үйрету;
		IV	3 саны көлеміндегі кеңістікте санау	Балаларға бөлме ішінде 3 саны көлеміндегі кеңістікте әртүрлі орналасқан, түсі, көлемі әртүрлі заттарды санауға үйрету;
	Наурыз	I	Заттардың екі тобын саны жағынан теңестіру	Балаларға жетіспейтін элементті қосу, артығын алып тастау тәсілімен заттардың екі тобын саны жағынан теңестіруге үйрету;
		II	Биік-аласа бойынша салыстыру;	Балаларды заттарды бір-біріне қабаттастыра қою тәсілін пайдалана отырып, биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстыруға үйрету; Салыстыру арқылы қайсысы биік, қайсысы аласа екенін атап, көрсетуге үйрету;
		III	Заттың биік (аласа) екенін тану	Балаларға салыстырылатын екі заттың қайсысының биік (аласа) екенін тану және көрсетуге дағдыландыру

арасындағы көлемдік арақатынасты (үлкен-кіші-ең кіші) табу; 4) геометриялық фигуралар: геометриялық фигураларды: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажыратуға; геометриялық фигураларды пішіні, түсі бойынша біріктіруге; көлемді геометриялық фигураларды ажыратуға; жазық геометриялық фигураларды ажыратуға; үлгі бойынша геометриялық фигураларды белгілі бір дәйектілікпен орналастыруға; геометриялық фигураларды қоршаған заттар сұлбасынан тануға үйрету; 5) кеңістікте бағдарлау: өз дене мүшелерінде бағдарлау: жоғарыда - бас, мойын, кеуде, төменде - аяқ, алдында - бет, іш, артында - арқа, сол, оң қол; педагогтың көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты орналастыру: алыс-жақын, жанында, онда, мұнда; 6) мезгілдік бағдарлау: жыл мезгілдері (күз, қыс, көктем, жаз); қозғалыс жылдамдығы (жылдам, ақырын); тәулік бөліктері (түн, таңертең, күндіз, кешке).		IV	Енін (енсіз-жалпақ) салыстыру	Балаларға бірінің үстіне бірін қою тәсілімен заттардың енін (енсіз-жалпақ) салыстыруға үйрету; Салыстырылатын екі заттың қайсысының енсіз (жалпақ) екенін атап, көрсетуге үйрету;
		V	«Үлкен», «кіші», «ең кіші»	Заттарды көлемдік (үлкен-кіші-ең кіші) белгілеріне қарай топтау; үш заттың арасындағы көлемдік арақатынасты табуды қалыптастыру;
	Сәуір	I	Геометриялық фигураларды ажырату	Балаларды геометриялық фигураларды: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажыратуға үйрету;
		II	Геометриялық фигураларды ерекшеліктеріне қарай топтастыру	Балаларды геометриялық фигураларды пішіні, түсі бойынша біріктіруге, белгілеріне қарай топтастыруға дағдыландыру;
		III	Көлемді, жазық геометриялық фигураларды ажырату	Балаларды көлемді, жазық геометриялық фигураларды ажыратуға үйрету;
		IV	Геометриялық фигуралардың сұлбасынан тану	Балаларды үлгі бойынша геометриялық фигураларды белгілі бір дәйектілікпен орналастыруға; геометриялық фигураларды қоршаған заттар сұлбасынан тануға үйрету;
	Мамыр	I	Өз дене мүшелерінде бағдарлау	Балаларға өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету (жоғарыда - бас, мойын, кеуде, төменде - аяқ, алдында - бет, іш, артында - арқа, сол, оң қол);
		II	Кеңістікте заттарды орналастыру	Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру; педагогтың көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты орналастыруға үйрету: алыс-жақын, жанында, онда, мұнда;

		III	Мезгілдік бағдарлау	Балалардың жыл мезгілдерінің ай, апта күндерін туралы түсінігін қалыптастыру; мезгілді бағдарлай отырып, жыл, ай, апта күндерін ажырата білуге үйрету;
		IV	Тәулік бөліктері	Тәулік бөліктерін реттілігі туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; уақыт бойынша бағдарлана білуге үйрету; қозғалыс жылдамдығы (жылдам, ақырын); тәулік бөліктері (түн, таңертең, күндіз, кешке).